ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 23 қазан №7119-24-00-2/13343 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Рисхан» атынан Рисхан Алтнай

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы «АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер жеке кәсіпкер «Рисхан» атынан Рисхан Алтнайды мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Рисхан» атынан Рисхан Алтнай мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Рисхан» атынан Рисхан Алтнайдан «АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 1 260 (бір мың екі жүз алпыс) теңге тұрақсыздық айыбы және 38 (отыз сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Рисхан» атынан Рисхан Алтнайдан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 23.10.2024
Дата вступления в законную силу: 02.12.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 02.12.2024
7119-24-3-1/12736

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 23.10.2024

Дата вступления в законную силу: 02.12.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 02.12.2024

7119-24-3-1/12736